

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау бағыттары бойынша
академиялық комитет мәжілісінің
№2 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

29.12.2025 ж.

Қатысқандар: АК төрағасы – PhD, аға оқытушы Ауезов Батырхан Нағашбекович; АК мүшелері- п.ғ.к. аға оқытушы Рысбекова Айман Калышбаевна, PhD, аға оқытушы Сұлтанбек Мәлік Жұпанбекұлы, аға оқытушы Сахитжан Сахыш Омарғазықызы, жұмыс беруші өкілі: Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназия директоры Урумова Рахила Кенжебековна, №23 ІТ мектеп-лицейінің оқу ісі жөніндегі орынбасары Ахилбекова Айгүл Абдуллаевна, білімгерлер: 7M01303 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі ББ-ның магистранты Ақтай Жансая; 6B01303 Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі ББ-ның студенті Жайлау Аяжан Қуандықызы.

Қатыспағандар: -

Күн тәртібінде

1. Жұмыс берушілермен дөңгелек үстел ұйымдастыру
2. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (Магистратура, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта талқылау, жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу)
3. ББ SWOT-талдау

Күн тәртібінің 1-ші мәселесі бойынша АК төрағасы Ауезов Батырхан Нағашбекович: Саламатсыздар ма, күн тәртібінің 1-ші мәселесі бойынша жұмыс берушілермен дөңгелек үстел ұйымдастыру негізгі мақсаты жұмыс берушілер мен оқу орны арасындағы ынтымақтастықты нығайту, түлектерді жұмысқа орналастыру мүмкіндіктерін қарастыру. Сонымен қатар, еңбек нарығының талаптары, өндірістік тәжірибе және дуальды оқыту мәселелері бойынша өз ойларыңызды ортаға салып талқыласақ.

Кафедра меңгерушісі, п.ғ.к. аға оқытушы Рысбекова Айман Калышбаевна: Бүгін бізді ортақ мақсат – білім беру ұйымы мен жұмыс берушілер арасындағы өзара тиімді серіктестікті дамыту мәселесі біріктіріп отыр. Қазіргі еңбек нарығы жылдам өзгеріп, жаңа талаптар қойып отырған кезеңде білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті, қоғам сұранысына жауап бере алатын мамандарды даярлау болып табылады.

Бүгінгі күнгі басты сұрақ: оқу орнында алған білім мен дағды нақты өндірістік орта талаптарына қаншалықты сәйкес келеді? Осы тұста жұмыс берушілердің рөлі ерекше. Себебі маман даярлау процесі тек теориялық білім берумен шектелмей, нақты жұмыс орнымен тығыз байланыста ұйымдастырылғанда ғана нәтижелі болмақ деп өз ойын ортаға салды.

АК төрағасы Ауезов Батырхан Нағашбекович: Жоғарыда келтірілген мәселелерге сәйкес ұсыныстарыңыз болса талдау жасайық.

АК мүшесі PhD, аға оқытушы Сахитжан Сахыш Омарғазықызы: Оқу орны мен жұмыс беруші арасындағы ынтымақтастықтың негізгі бағыттарына тоқталып өтсек:

Біріншіден, білім беру бағдарламаларын бірлесе жетілдіру. Жұмыс берушілердің ұсыныстары негізінде оқу жоспарлары мен пән мазмұнын жаңарту – түлектердің кәсіптік біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді. Екіншіден, өндірістік тәжірибе мен дуальды оқытуды дамыту. Студенттердің нақты кәсіпорын базасында тағылымдамадан өтуі олардың кәсіби бейімделуін жеңілдетіп, болашақ жұмыс орнына ертерек кірігуіне жағдай жасайды. Үшіншіден, жұмыс берушілердің оқу-тәрбие үдерісіне тікелей қатысуы. Бұл – шеберлік сабақтары, семинарлар, кездесу алаңдары, мастер-кластар өткізу, кәсіби бағыт-бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру арқылы жүзеге асады.

Төртіншіден, түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесі. Біздің ортақ міндетіміз – жастардың еңбек нарығында өз орнын тауып, тұрақты жұмыспен қамтылуына ықпал жасау. Осы бағытта меморандумдар жасасу, бос жұмыс орындары жәрмеңкесін өткізу маңызды нәтиже беруде.

Жұмыс беруші өкілі: Ататүрік атындағы №17 мектеп-гимназия директоры Урумова Рахила Кенжебековна: Қазіргі білім беру жүйесі тек білімді, педагогикалық шеберлігі қалыптасқан маманды ғана емес, сонымен бірге адамгершілік ұстанымы берік, жоғары мәдениетті, адал, жауапты тұлғаны талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда болашақ педагогтың кәсіби этикасы біртұтас тәрбие бағдарламасымен тығыз байланысты. Бағдарламада көрсетілген негізгі құндылықтар – адалдық, әділдік, жауапкершілік, патриотизм, еңбекқорлық және парасаттылық – мұғалім мамандығының кәсіби этикалық нормаларымен толық үйлесетіндігін нақтылығым келеді.

Жұмыс беруші өкілі: №23 ІТ мектеп-лицейінің оқу ісі жөніндегі орынбасары Ахилбекова Айгул Абдуллаевна: Ынтымақтастығымыз неғұрлым жүйелі және тұрақты сипат алса, соғұрлым еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандар қатарын көбейтуге мүмкіндік туады. Біздің серіктестіктегі басты құндылық – жауапкершілік пен өзара қолдау. АҚ төрағасы Ауезов Батырхан Нағашбекович: Бүгінгі дөңгелек үстелде айтылатын ұсыныстар алдағы ортақ жұмыстарымыздың бағыт-бағдарын айқындап, нақты шешімдер қабылдауға негіз болады деп сенемін.

Күн тәртібінің 2-ші мәселесі бойынша АҚ төрағасы Ауезов Батырхан Нағашбекович: ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (Магистратура, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта талқылау, жаңарту, жаңа ББ әзірлеу)

Білім беру бағдарламаларына аудит жүргізудің негізгі мақсаттарына тоқталайын. Оның басты мақсаты – бағдарламаның мемлекеттік стандарттарға, аккредитациялық талаптарға және жұмыс берушілер сұранысына сәйкестігін бағалау. Сонымен бірге оқу нәтижелерінің қалыптасуы, пәндер мазмұнының өзара сабақтастығы, құзыреттердің толық қамтылуы назарға алынады.

PhD, аға оқытушы Сұлтанбек Мәлік Жұпанбекұлы:

Білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға бағытталған маңызды мәселе – білім беру бағдарламаларына (ББ) аудит жүргізу және оның нәтижелері негізінде тиімді шешімдер қабылдау.

Қазіргі таңда жоғары білім беру жүйесі еңбек нарығының жылдам өзгеретін талаптарына жауап беруі тиіс. Осыған байланысты бакалавриат және магистратура деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларын жүйелі түрде талдау жұмыстары өзекті болып отыр. ББ аудиті – тек формалды тексеріс емес, білім сапасын, мазмұнның өзектілігін, түлектердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ететін стратегиялық құрал.

АҚ төрағасы Ауезов Батырхан Нағашбекович: Құрметті әріптестер, Жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу – заман талабы. Цифрлық экономика, жасанды интеллект, инклюзивті білім беру, жасыл технологиялар сияқты бағыттарда жаңа бағдарламалар жасақтау жоғары оқу орындарының стратегиялық дамуының кепілі болып табылады. Дегенмен, әрбір жаңа бағдарлама нақты еңбек нарығының сұранысына негізделуі тиіс.

Қорытындылай келе айтарым: білім беру бағдарламаларының үздіксіз аудиті мен жаңғыртылуы – сапалы кадрлар даярлаудың басты шарты. Біз қабылдайтын әрбір шешім білім алушылардың тағдырына, еліміздің адами капиталының дамуына тікелей ықпал ететінін естен шығармауымыз керек.

Күн тәртібінің 3-ші мәселесі бойынша АҚ төрағасы Ауезов Батырхан Нағашбекович: ББ SWOT-талдау

Қазіргі таңда жоғары және орта білім жүйесінде бағдарламалардың сапасын, бәсекеге қабілеттілігін арттыру негізгі талаптардың біріне айналды. Осы тұрғыда SWOT-талдау ішкі және сыртқы факторларды кешенді бағалауға мүмкіндік беретін тиімді әдіс екені белгілі.

SWOT-талдау төрт негізгі компоненттен тұрады: күшті жақтар (Strengths), әлсіз жақтар (Weaknesses), мүмкіндіктер (Opportunities) және қауіп-қатерлер (Threats). Бұл тәсіл білім беру бағдарламасының қазіргі жағдайын объективті сараптауға, даму болашағын болжауға мүмкіндік береді.

Біріншіден, **күшті жақтарды анықтау** – бағдарламаның артықшылықтарын айқындауға бағытталады. Мысалы, білім беру бағдарламасының мемлекеттік стандарттарға сәйкестігі, білікті профессор-оқытушылар құрамының болуы, материалдық-техникалық базаның жеткілікті болуы, студенттердің практика базаларымен қамтамасыз етілуі сияқты факторлар бағдарламаның бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Осы күшті жақтарды дұрыс пайдалану бағдарламаны стратегиялық тұрғыдан ілгерілетуге ықпал етеді.

Екіншіден, **әлсіз жақтарды талдау** маңызды. Бұл – бағдарламаның дамуына кедергі келтіретін ішкі факторлар. Оларға пәнаралық байланыстардың жеткіліксіздігі, заманауи цифрлық технологиялардың аз қамтылуы, зерттеу дағдыларын қалыптастырудағы олқылықтар, пән мазмұнындағы қайталанушылықтар жатуы мүмкін. Әлсіз жақтарды дер кезінде анықтау оларды түзету бойынша нақты шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Үшіншіден, **мүмкіндіктерді талдау** сыртқы орта ұсынатын жағымды ықпалдарды бағалауға бағытталады. Білім беру саласындағы цифрландыру, халықаралық ынтымақтастық, академиялық ұтқырлық, дуальды оқыту, жұмыс берушілермен серіктестік сияқты факторлар бағдарламаны жаңғыртуға кең мүмкіндіктер ашады. Бұл мүмкіндіктерді тиімді пайдалану білім беру бағдарламасының тартымдылығын арттырады.

Төртіншіден, **қауіп-қатерлерді бағалау** да аса маңызды. Демографиялық өзгерістер, кадрлардың жетіспеушілігі, еңбек нарығындағы бәсекелестіктің күшеюі, нормативтік-құқықтық құжаттардың жиі өзгеруі бағдарламаның тұрақты дамуына әсер етуі мүмкін. Сондықтан бұл қауіп-қатерлерге алдын ала жауап беретін стратегия әзірлеу қажет.


Құрметті әріптестер!

SWOT-талдау тек теориялық талдау құралы ғана емес, нақты басқарушылық шешімдер қабылдаудың негізі болуы тиіс.

Шешім:


1. Жұмыс берушілермен дөңгелек үстел ұйымдастыру барысында айтылған ұсыныстарды еске отырып, БББ мазмұнын еңбек нарығының талаптарына сәйкес бейімдеу жұмыстары жасалсын.
2. ББ аудиттері және шешімдер қабылдау (Магистратура, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта талқылау, жаңарту, қолданыстан шығару, жаңа ББ әзірлеу) бойынша бакалавриат және магистратура деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларының мазмұны өзгеріссіз қалсын.
3. ББ SWOT-талдау нәтижесінде анықталған әлсіз жақтарды жою бойынша нақты шаралар жоспары әзірленсін.

АК төрағасы:



Ауезов Б.Н

Хатшы:



Ақтай Ж